

Викторовка ауылдық округі әкімінің 2009 жылғы 14 тамыздағы № 2 "Бөгенбай би селосының, Красиловка селосының, Қызылқайнар селосының көшелеріне атаулар беру туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Ақмола облысы Зеренді ауданы Викторовка ауылдық округі әкімінің 2017 жылғы 7 сәуірдегі № 1 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 3 мамырда № 5931 болып тіркелді

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына сәйкес, Викторовка ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Викторовка ауылдық округі әкімінің "Бөгенбай би селосының, Красиловка селосының, Қызылқайнар селосының көшелеріне атаулар беру туралы" 2009 жылғы 14 тамыздағы № 2 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1-14-111 болып тіркелген, "Бірлік-Единство" газетінде 2009 жылдың 28 қыркүйегінде жарияланған) келесі өзгерістер енгізілсін:

шешімнің тақырыбында "селосының" сөзі "ауылының" сөзіне және бүкіл шешімнің мәтіні бойынша "селосы", "селолық", "селосының" деген сөздері тиісінше "ауылы", "ауылдық", "ауылының" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Викторовка ауылдық округінің әкімі

В.Рукавишников

"КЕЛІСІЛДІ"

Зеренді ауданының "Мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесінің басшысы

А.Балтағарин

2017 жылғы "07" 04

Зеренді ауданының "Сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі" мемлекеттік мекемесінің басшысы

Е.Шәкіржанов

2017 жылғы "07" 04

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК